



ҮКІМЕТ

ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫ МЕН ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ – АЛДА ТҮРҒАН АСА МАңызды міндет

«Кеше Мемлекет басшысы жаңа Конституция жобасының мән-маңызына тоқталды. Өзгерістердің ауқымы мен маңыздылығы, талқылау процесінің ашық жүргізілуі ел тарихында бұрын-соңды болмаған. Президентіміз атап өткендей, жаңа Конституция жобасында «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» қағидаты айқындала түскен. Конституциялық реформаның көздеген мақсаты да осы – ауқымды саяси жаңғырумен қатар, экономиканың сапалы өсуі қарқынын арттыра түсуге бағытталып отыр. Яғни, бірінші кезекте, халықтың табысы мен әл-ауқатын арттыруға басымдық берілуге тиіс. Бұл – біздің алдымызда тұрған аса маңызды міндет», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Кеңесте Президент тапсырмаларын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы Премьер-министрдің орынбасарлары, министрлер және «Самұрық-Қазына» қорының басшылығы баяндама жасады.

Жиын қорытындысында Премьер-министр Президент айқындап берген міндеттердің барлығы халық пен бизнеске нақты пайда әкелуді көздейтінін және олардың іс жүзінде орындалуы қажет екенін атап өтті. Бірқатар тапсырма берілді.

Экономикалық блокта инфляцияны төмендету және қадағалау, бизнес шығындарын азайту, тауар нарықтарындағы бәсекелестікті дамыту, түрлі салаларда цифрлық теңгеі көбейту бойынша міндеттер қойылған. Тімді тетіктерді – тұрақтандыру қорларын, форвардтық шарттарды, сауда субъектілерімен баға тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі келісімдерді белсенді пайдалану тапсырылды. Салық саласында халықпен және бизнеспен өзара іс-қимылдың түсінікті және болжамды жүйесін құрудың маңыздылығы атап өтілді. Тімді салықтық әкімшілендіру және ерте ескерту механизмімен өнгізу тапсырылды. Сондай-ақ, мобильді қосымшалар арқылы қолжетімді бизнес арналар бірінші цифрлық эконожүйе құру, өндіріс барысына кедергі келтірмей тауарлардың цифрлық таңбалануын кеңейту қажет. Бұдан басқа, ШОБ субъектілерін жоспардан тыс тексеру тетігін қайта қарау, активтерді басқаруды оңтайландыру, Алатау қаласын сапалы дамыту бойынша міндеттер қойылды.

Қаржы министрлігіне орталық мемлекеттік органдармен және әкімдіктермен бірлесіп осы жылдың 1 мамырына дейін бюджеттік бағдарламаларға жан-жақты тексеру жүргізу тапсырылды.

Қаржы министрлігі Ұлттық банкпен, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, осы жылдың тамыз айының соңына дейін түрлі салаларда цифрлық теңгеі көбейту жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

Қаржы министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен және Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығымен бірлесіп, жыл соңына дейін заңнамаға маркетинг-листер, интернет-агрегаторлар мен екінші деңгейдегі банктерге салық агенттерінің мәртебесі мен функцияларын беру бөлігінде өзгерістер енгізілсін.

Ұлттық экономика министрлігі «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп осы жылдың 1 маусымына дейін ШОБ субъектілерін жоспардан тыс тексеру тетігін қайта қарасын.

Өнеркәсіп және Қаржы министр-



Премьер-министр Олжас Бектенов 10 ақпанда өткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы берген тапсырмаларды жүзеге асыру мәселелері бойынша кеңес өткізді.

ліктері «Атамекен» палатасымен бірлесіп барлық тіркеу рәсімдерін аяқтап, осы жылдың 1 наурызынан бастап Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін іске қоссын.

Инвестициялық саясат бойынша 2030 жылға дейін негізгі капиталға инвестициялар бойынша нысаналы индикаторларды әзірлеу жөнінде тапсырмалар берілді. Сондай-ақ басым жобалар пұлын қалыптастыру және бюджеттен тыс қаражат тарту бойынша мемлекеттік органдар мен әкімдіктер үшін KPI бекіту қажет. CIM Kazakh Invest-пен бірлесіп, Kazakhstan Investment House арқылы ірі инвесторлармен жұмысты жеңіл өзара іс-қимылды, келісімдердің орындалуын және цифрлық платформада инвестициядан кейінгі қадағалау шараларын күшейтеді.

Ұлттық экономика және Сыртқы істер министрліктері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, бір ай мерзімде 2030 жылға дейінгі қаржыландыру көздері бойынша негізгі капиталға инвестициялар тарту жөнінде нақтыланған нысаналы индикаторларды әзірлеуі, жеке салымдар үлесін едәуір ұлғайтуы керек.

Сыртқы істер министрлігі пайдалануға берілген жобалардың инвестициядан кейінгі мониторингін регламенттен әзірлеуі қажет. Ұлттық цифрлық инвестициялық платформада тиісті модульді өнгізуді жеделдету тапсырылды.

Цифрландыру бойынша деректерді басқару инфрақұрылымын қолдану тәсілдерін әзірлеу тапсырылды. Одан бөлек KazLLM-ді практикада пайдалануды кеңейту, Aitu мессенджерінің функционалын жақсарту және тасқын су мен өрт қауіп жоғары кезеңдерді болжау жөніндегі жұмысты жандандыру үшін Tasqun және Talsim жүйелерін интеграциялау бойынша міндеттер қойылды.

Жасанды интеллект министрлігі Ұлттық банкпен бірлесіп, 1 қазанға дейін Цифрландыруды қаржыландыру қорын толыққанды іске қосуды қамтамасыз етуі қажет.

Жасанды интеллект, Ұлттық экономика, Қаржы министрліктері бір ай ішінде бизнес саласында цифрлық шешімдерді белсенді

өнгізуді ынталандыру жөнінде шаралар әзірлеуі керек.

Жасанды интеллект министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, 10 күн мерзімде ақпараттық жүйелерді «QazTech» платформасына көшіру жоспарын бекітсін.

Нақты секторда энергетика, өңдеу өнеркәсібі, оның ішінде мұнай өңдеу және мұнай-газ химиясы, көлік және АӨК-тегі негізгі инфрақұрылымдық жобаларды уақтылы аяқтауға баспа назар аударылды. Сондай-ақ, логистиканы цифрландыру қарқынын арттыру, көлік инфрақұрылымын жаңғырту бойынша міндеттер қойылды. Ішкі нарықты отандық өнімдермен толтыру, ветеринариялық қадағалауды күшейту, кооперацияны дамыту және цифрлық құралдар арқылы мемлекеттік қолдаудың ашықтығын арттыра түсу қажеттілігі атап өтілді.

Энергетика және Жасанды интеллект министрліктері осы жылдың соңына дейін Энергетика министрлігі жанынан құрылған Ахуалдық талдау орталығының базасында Қазақстанның бірінші энергожүйесінің онлайн мониторингін өнгізілсін. 2027 жылдың соңына дейін, мерзімдерін өзгертпей, Батыс аймақты Біртұтас энергетикалық жүйемен біріктіріп, Оңтүстік аймақты қушыту керек.

20 ақпанда Үкіметке Көмір генерациясы жөніндегі ұлттық жоспардың жобасы енгізілсін. «Самұрық-Қазына» қоры Көкшетау, Семей және Өскемен қалаларындағы ЖЭО-ны, «Алматы стансалары» энергетикалық жобаларын белгіленген мерзімде іске асыруды қамтамасыз етсін.

Өнеркәсіп, Ұлттық экономика министрліктері мен «Бейтерек» холдингі екі ай мерзімде полимерлік өнімді одан әрі қайта бөлуді ұйымдастыру үшін отандық бизнесті қолдау тетіктерін әзірлесін.

Өнеркәсіп және Ұлттық экономика министрліктері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп бір ай мерзімде шикізатты терең өндеуді дамыту және терең өнділген өнім экспортын ұлғайту үшін жаңа экспорттық ынталандырулар жөнінде ұсыныстар өнгізу тапсырылды.

Өнеркәсіп, Ұлттық экономика,

Қаржы министрліктері мен әкімдіктер бір ай мерзімде Үкіметке заңнамалық түзетулер пакетін қоса алғанда, арнайы экономикалық аймақтарды трансформациялау жөнінде келісілген ұсыныстар өнгізілсін.

Көлік министрлігі ҚТЖ-мен бірлесіп жыл соңына дейін «Мойынты – Қызылжар», «Дарбаза – Мақтаарал» теміржол жобаларын іске қосуды қамтамасыз етіп, «Алтынкөл – Жетіген» және «Бейнеу – Маңғыстау» учаскелерін жаңғыртуды аяқтау қажет. Келесі жылдың соңына дейін – «Бақты – Аяғөз» учаскесі пайдалануға берілсін. ҚТЖ – биыл кемінде 40 млн тонна көлемінде жүк транзиті жөніндегі жоспарды қамтамасыз етуі тиіс. Осы жылдың соңына дейін теміржол желісі операторының жүк вагондарын беру процесін толық цифрландыру қажет.

Көлік министрлігі – «Қарағанды – Жезқазған», «Орталық – Батыс», «Ақтөбе – Ұлғайсын» автожол жобаларын жүзеге асыру, Қызылорда, Сарыағаш және Рудный қалаларында айналма жолдар салу рәсімдерін жеделдетсін. Биыл «Қарағанды – Жезқазған» жобасы бойынша құрылыс жұмыстарын бастасын, келесі жылдың соңына дейін шекарадағы 33 автомобиль өткізу пунктін жаңғыртуды аяқтауды қамтамасыз етсін.

Көлік министрлігі – осы жылдың соңына дейін барлық мемлекеттік цифрлық жүйелермен интеграциялауды қамтамасыз ете отырып, Smart Cargo цифрлық платформасын өнеркәсіптік пайдалануға өнгізілсін.

Ауыл шаруашылығы мен Сауда және интеграция министрліктері бизнес-қоғамдастықпен бірлесіп бір ай мерзімде қолданыстағы тәсілдерді қайта қарап, ішкі нарықты отандық азық-түлік тауарларымен қамту және экспорттық әлеуетті нығайту жөніндегі жүйелі шараларды әзірлесін. Өндірістен дайын өнімді сатуға дейінгі тиімді әрі ашық тізбекті құрысын.

Ауыл шаруашылығы министрлігі әкімдіктермен бірлесіп, жергілікті жерлерде және шекарада бақылауды күшейте отырып, ветеринариялық инфрақұрылымды дамытуды қамтамасыз етсін. Осы жылдың 15 сәуіріне

дейін Үкіметке ветеринарияны дамытудың кешенді жоспарының жобасы енгізілсін.

Ауыл шаруашылығы министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен және әкімдіктермен бірлесіп осы жылдың 1 маусымына дейін Ауыл шаруашылығы кооперациясы туралы тиісті заң жобасын әзірлесін және Үкіметке өнгізілсін.

Осы жылдың 1 қыркүйегіне дейін мемлекеттік қолдау жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру үшін субсидия алушылардың тиісті талаптарды орындауын қадағалауға мүмкіндік беретін АӨК саласындағы ақпараттық жүйенің толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз етсін.

Премьер-министр білім беру мен денсаулық сақтаудағы жүйелі мәселелерді, оның ішінде цифрландыру және шығыстардың ашықтығын арттыру арқылы шешу міндеттерін қойды. Кадр даярлау, медициналық ақпараттық жүйенің цифрландыру, үй шаруашылықтарының цифрлық профильдерін қалыптастыруға, сондай-ақ «Әлеуметтік әмиян» жүйесіне әлеуметтік көмектің түрлі нысандарын біріктіруге ерекше назар аударылды.

Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрліктері Қаржы министрлігімен және өңір әкімдіктерімен бірлесіп, бір ай мерзімде білім берудің барлық деңгейінде бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру жөнінде Үкіметке ұсыныстар өнгізуі қажет.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ғылым және жоғары білім, Оқу-ағарту министрліктерімен және «Атамекен» палатасымен бірлесіп, 1 сәуірге қарай Кәсіптерді трансформациялаудың ұлттық орталығын құруы керек.

Денсаулық сақтау, Жасанды интеллект және Қаржы министрліктері биылғы 1 сәуірге дейін Медициналық деректердің бірінші қоймасын өнгізуі аяқтасын. Бірінші мемлекеттік медициналық ақпараттық жүйесін әзірлеу бойынша тапсырма берілді.

Қаржы министрлігі Жасанды интеллект және цифрлық даму, Денсаулық сақтау министрліктерімен бірлесіп, жыл соңына дейін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қызметін цифрландыруы қажет.

Еңбек министрлігі осы жылдың 1 наурызына дейін Отбасының цифрлық картасын қолдана отырып, үй шаруашылықтары үшін цифрлық әлеуметтік профильдер қалыптастыру, сондай-ақ Бірінші цифрлық платформа арқылы әлеуметтік қолдау шараларын қамтамасыз етуі тиіс.

Жасанды интеллект министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, жыл соңына дейін әлеуметтік қолдаудың түрлі нысандарын «Әлеуметтік әмиян» жүйесіне интеграциялануын қамтамасыз етсін.

«Көріп отырғанымыздай, алдымызда тұрған мақсат-міндеттердің ауқымы өте үлкен. Мемлекет басшысы атап өткендей ойлану-толғануға уақыт жоқ. Батыл, тиімді шешім қабылдап, оны жедел жүзеге асыру қажет. Тағы да қайталап айтамын, халықтың табысы мен әл-ауқатын арттыру – атқарылатын жұмыстың нақты нәтижесі болуға тиіс. Мемлекеттік органдар мен әкімдіктер Президент тапсырмаларының сапалы әрі уақтылы орындалуын қамтамасыз етуі керек», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

АУЫЛДЫҚТАРДЫҢ ТҮРМЫС-ТІРШІЛІГІ - БИЛІК ПЕН БИЗНЕСКЕ БАЙЛАНЫСТЫ



Дүйсенбі күні аудан әкімі Рахат Смағұлов Мағжан ауылдық округінің тұрғындарымен кездесу өткізді.

Кездесу барысында ауылдық округ әкімі, «Қызылжар МТС Агро» ЖШС басшысы, сондай-ақ аудан әкімінің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері және 2026 жылға арналған мақсаттар бойынша баяндамалары тыңдалды.

Жиын барысында тұрғындармен ашық диалог форматында өзекті мәселелер талқыланды.

Су қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударылды. «Есіл Су» РЭУ-З өндірістік учаскесінің басшысы Қайрбек Көшекпаев Жастар және Сарытомар ауылдарына дейінгі су құбырының жай-күйі туралы баяндады. Аудан әкімі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөліміне «Есіл Су» мекемесімен бірлесіп, берілетін судың сапасы мен көлемін арттыру мақсатында жөндеу нұсқаларын пысықтауды тапсырды.

Ауданда әрбір ауылдық округте АӨК субъектілерімен меморандумдар жасау тәжірибесі енгізілген. Ынтымақтастық аясында «Қызылжар МТС Агро» ЖШС, «Қайсар Агро» ЖШС, «Алтын Жер» ШҚ және «Жастар Агро» ЖШС Жастар және Сарытомар ауылдарын дамытуға инвестиция салуда. Тұрғын үй мен спорт алаңын салу, мектепті, жолдарды және мәдениет нысандарын жөндеу, су қамтамасыз ету бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы дайындау, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар нысандарды қалпына келтіру жоспарланған.

Жасалатын меморандумдар округті қолдауға, бизнестің әлеуметтік-экономикалық дамуға қатысуына, АӨК Жол картасының көрсеткіштерін орындауға және жұмысшылардың жалақысын арттыруға бағытталған.



КОНСТИТУЦИОНАЛЬНАЯ РЕФОРМА - 2026

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ЖОБАСЫ: НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫ

© kazinform

ПРЕАМБУЛА

I БӨЛІМ КОНСТИТУЦИОНАЛЬДЫҚ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ НЕГІЗДЕРІ

II БӨЛІМ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАР, БОСТАНДЫҚТАР МЕН МІНДЕТТЕР

III БӨЛІМ ПРЕЗИДЕНТ

IV БӨЛІМ ҚҰРЫЛТАЙ

V БӨЛІМ ҮКІМЕТ

VI БӨЛІМ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ

VII БӨЛІМ КОНСТИТУЦИОНАЛЬДЫҚ СОТ

VIII БӨЛІМ СОТ ТӨРЕЛІГІ, ПРОКУРАТУРА, ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ТЕТІКТЕРІ

IX БӨЛІМ ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ

X БӨЛІМ КОНСТИТУЦИЯҒА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

XI БӨЛІМ ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖОБАСЫ
ПРЕАМУЛАДАН, 11 БӨЛІМНЕН ЖӘНЕ 95 БАПТАН ТҰРАДЫ.

Қазақстан Республикасында конституциялық реформа жөніндегі комиссия Жаңа Конституцияның жобасын жариялады. Құжат азаматтардан, саяси партиялардан, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылардан түскен ұсыныстар негізінде, кең қоғамдық талқылау нәтижесінде әзірленді.

Конституциялық реформаның бастамасын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көтерді. Бір палаталы Парламент құру туралы ұсыныс 2025 жылғы 8 қыркүйекте Қазақстан халқына Жолдауында жарияланды. Реформаның мақсаты – саяси жүйені кешенді жаңарту және жасанды интеллект дәуірінде елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына жағдай жасау.

2025 жылғы 8 қазанда парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобы құрылып, оның құрамына заңгерлер, сарапшылар және қоғам өкілдері енді. Азаматтар e-Отinish және eGov порталдары арқылы белсенді түрде ұсыныстар жолдады. Алты ай ішінде 2 мыңнан астам ұсыныс қаралды. Нәтижелері 2026 жылғы қаңтарда өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында қорытындыланды.

2026 жылғы 21 қаңтарда 130 адамнан тұратын Конституциялық комиссия құрылды. Оның құрамына Ұлттық құрылтай мүшелері, заңгерлер, мемлекеттік органдар, мәслихаттар, БАҚ және ғылыми қауымдастық өкілдері кірді. Комиссияны Конституциялық соттың төрағасы Эльвира Әзімова басқарды. Жұмыс ашық өрі жария түрде жүргізілді.

Жаңа жоба жекелеген түзетулермен шектелмей, Конституцияның барлық бөлімдері мен 77 бабын қамтыды (шамамен 84%). Осыған байланысты Конституцияның жаңа редакциясын қабылдау ұсынылды. Құжаттың басты құндылығы – адам құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде бекіту. Сонымен қатар қоғам бірлігі, этносаралық келісім, егемендік, Тәуелсіздік, унитарлық және аумақтық тұтастық қағидаттары айқындалды. Алғаш рет Әділеттілік, Заң мен Тәртіп, табиғатты қорғау ұстанымдары конституциялық деңгейде бекітілді. Биліктің бірден-бір қайнар көзі – халық екені нақты көрсетілді.

Жаңа Конституция адам капиталының дамуына басымдық береді. Білім, ғылым, мәдениет және инновация ел дамуының негізгі тірегі ретінде белгіленді. Сондай-ақ азаматтардың цифрлық кеңістіктегі құқықтарын қорғау нормалары енгізілді. Мемлекеттің зайырлы сипаты айқындалып, неке өр мен әйелдің өрікті өрі тең одағы ретінде бекітілді.

Жобаға сәйкес 145 депутаттан тұратын бір палаталы Парламент – Құрылтай құрылады, депутаттар 5 жыл мерзімге пропорционалды жүйе бойынша сайланады. Сонымен қатар заң шығару бастамасы құқығы бар Қазақстанның Халық Кеңесі құрылады және Вице-президент институты енгізіледі. Конституцияға өзгерістер тек бүкілхалықтық референдум арқылы енгізілетін болады.

Жаңа Конституция жобасы Кіріспеден, 11 бөлімнен және 95 баптан тұрады. Ұсыныстарды қабылдау жалғасуда. Түпкілікті шешімді Қазақстан халқы бүкілхалықтық референдумда қабылдайды.

Айзада РАХМЕТОВА,
аудандық мәслихаттың төрағасы.

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП»



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайыңсіз Қазақстан үшін!

Ішкі саясаттың мақсаты – мемлекеттілікті нығайту, ұлт бірлігін қамтамасыз ету, елдің орнықты дамуы үшін қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау. Оның орталық идеясы – тең мүмкіндіктерге негізделген, ашық, қуатты және өркендеген, прогрессивті әрі жауапты қоғамды көздейтін Әділетті Қазақстанды қалыптастыру.

Осы мақсатсыз жүйелі түрде іске асыру үшін ішкі саясаттың мынадай қағидаттары нақты айқындалды: «Заң мен тәртіп»; «Еститін мемлекет»; «Әртүрлі пікір – біртұтас ұлт»; «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет»; «Адал азамат»; «Таза Қазақстан». Бұл мемлекеттік құрылыс қағидаттары ембебап сипатқа ие және кең қоғамдық диалог жағдайында ұлтты одан әрі топтастыруға бағытталған.

Бүгін мен «Заң мен тәртіп» тақырыбында мақала ұсынамын. Бұл тақырып қазіргі жағдайда әрбір мемлекет үшін, соның ішінде Қазақстан үшін де ерекше маңызға ие. Құқықтық тетіктердің қаншалықты тиімді жұмыс істейтініне, азаматтардың қорғалу деңгейіне және заң нормаларының қаншалықты қатаң сақталатынына қоғамның тұрақтылығы, дамуы мен болашағы тікелей байланысты.

1. Қазіргі қоғамдағы заң мен тәртіптің маңызы

XXI ғасырда кез келген мемлекеттің тұрақтылығы үш іргелі қағидатқа негізделеді: қауіпсіздік, әділеттілік және заңның үстемдігі. Заңның сақталуы мемлекеттік институттардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, қоғамның сенімін қалыптастырады, экономикалық өсімге, кәсіпкерліктің дамуына және адами капиталды нығайтуға қолайлы жағдай жасайды.

Егер заң баршаға бірдей міндетті болса — қарапайым азаматқа да, билік өкіліне де — бұл әділ қоғамдық келісімнің негізін қалайды. Мұндай жағдайда әрбір адам өз құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына кепілдік алып, сонымен қатар қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінеді.

2. **Цифрландыру және жаңа сын-қатерлер: алаяқтық пен киберқауіптер**
Цифрлық технологиялардың кеңінен енгізілуі жаңа мүмкіндіктер ашумен қатар, цифрлық қылмыстардың өсуіне алып келді. Қазіргі таңда алаяқтық, жеке деректерді ұрлау, фишингтік схемалардың көбеюі байқалауда.

Осыған байланысты халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру және цифрлық мәдениетті қалыптастыру ерекше маңызға ие. Бұл тұрғыда «Amanat» партиясы бастамашылық еткен «Қаржысыз қоғам» жобасы айрықша мәнге ие. Өткен жылы жоба 65 мың азаматты қамтыды. Бұл халықтың қаржылық тәуекелдер туралы хабардарлығын арттырудағы маңызды қадам болды. Алайда атқарылатын жұмыс мұнымен шектелмеуі тиіс.

Мемлекет басшысы қоғам үшін маңызды «Қазақстан Республикасының ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтарын мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойды. Аталған құжат, ең алдымен, мемлекеттік органдарға арналған және ішкі саясат саласындағы жұмысты үйлестіру мен жүзеге асыруға көздейді.

3. Алаяқтықпен және оған ілесіп құқық бұзушылықтармен күрес

Алаяқтық — адал азаматтарға елеулі зиян келтіретін ең кең таралған қылмыстардың бірі. Осыған байланысты мемлекеттік органдар салалық министрліктерден бастап құқық қорғау құрылымдарына дейінгі барлық үкілетті органдардың үйлесімді іс-қимылы арқылы қарсы әрекет ету тетіктерін күшейтуде.

4. Әділеттілік пен қауіпсіздік — қоғамның негізгі сұраныстары

Кез келген қоғамда адамдар екі негізгі құндылыққа ұмтылады: әділеттілік пен қауіпсіздік. Бұл — азаматтардың мемлекетке деген сенім деңгейін айқындайтын ембебап қажеттіліктер.

Соңғы жылдары Қазақстанда пікір білдіру өркендегеніне қарамастан, азаматтардың шешім қабылдауға қатысу институттарын қалыптастыруға, құқық қорғау тетіктерін дамытуға бағытталған ауқымды реформалар жүзеге асырылмауда. Бұл әділетті қоғам құрудың берік негізін қалайды.

Сонымен қатар реформалар қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету тетіктерін күшейтумен қатар жүруі тиіс. Қауіпсіздіксіз тұрақтылық, даму және прогресс мүмкін емес.

5. Қоғамдық орындардағы қауіпсіздік және қылмыспен күрес

Соңғы жылдары Қазақстан қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Қазіргі уақытта кейбір елдерде байқалатын жаппай қылмыс пен заңсыздық біздің елде орын алып отырған жоқ. Дегенмен бұл бағыттағы шараларды әлсіретуге болмайды.

Құқық қорғау органдары прокуратура және соттармен бірлесіп, ұсақ бұзақылықтан бастап ауыр қылмыстарға дейінгі барлық құқық бұзушылықтарға қатаң шаралар қабылдауда. Құқықтық мемлекетке қылмыстық элементтерге орын жоқ.

6. Жол қауіпсіздігі — құқықтық тәртіптің маңызды құрамдас бөлігі

Әзекті мәселелердің бірі — жол-көлік оқиғаларының көптігі. Өткен жылы Қазақстан Республикасының аумағында 1600-ден астам адам қаза тауып, 22 мыңнан астам адам жарақат алған. Бұл — күн сайын орын алатын адам өмірімен байланысты қайғылы жағдайлар.

Қазақстан Республикасының Президенті шешуді талап ететін бірқатар мәселелерді атап өтті, атап айтқанда: — жол-көлік инфрақұрылымын жаңғырту; — интеллектуалдық бақылау жүйелерін енгізу; — жүргізушілерді даярлау сапасын арт-

тыру; — көлік құралдарының техникалық жай-күйіне бақылауды күшейту.

7. Әскердегі заң мен тәртіп

Әскер — ұлттық қауіпсіздіктің негізгі институты. Әскери қызметке аттанған жастар мемлекетке өз өмірі мен денсаулығын сеніп тапсырады. Сондықтан Қарулы Күштерде қатаң тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету — басты басымдық.

8. Нашарлықпен күрес

Есірткі — ұлт болашағына төнген аса қауіпті қатер. Қабылданған заңнамалық шараларға қарамастан, бұл бағытта айтарлықтай оң өзгерістер әлі де байқалмай отыр. Заңнамаға енгізілген өзгерістерге сәйкес, бұрын өкімшілік құқық бұзушылық ретінде қаралған кейбір әрекеттер қылмыстық құқық бұзушылықтар санатына ауыстырылып, жауапкершілік күшейтілді.

9. Бас әлеуметтік дерт және қоғамдық мәдениетті нығайту

Мемлекет басшысы ұлттық болашаққа қауіп төндіретін бес әлеуметтік қатерді атап өтті: вандализм, лудомания, вейпердің таралуы және өзге де социалды мінез-құлық көріністері. Бұл бағытта зиянды мінез-құлық үлгілерін шектеуге бағытталған заңдар қабылданды. Қазіргі өзінде оң нәтижелер байқалауда, алайда бұл күрес жалғасуы тиіс.

Мемлекеттің табысы азаматтардың мәдениеттілігіне, ынтымақтастығына және жасампаздығына тікелей байланысты. Әсіресе жастар арасында жауапты мінез-құлықты қалыптастыру аса маңызды.

10. Бірлік, толеранттылық және арандатушылыққа қарсы тұру

Қазақстан — көпұлтты мемлекет, оның басты құндылықтары — бейбітшілік, келісім және толеранттылық. Елімізде тілдік, этникалық немесе әлеуметтік белгілер бойынша кемсітуге жол берілмейді. Жекелеген арандатушылық әрекеттер — надандықтың немесе сыртқы күштердің қоғамды манипуляциялауға ұмтылысының нәтижесі. Мұндай әрекеттер заң шеңберінде қатаң түрде тоқтатылатын болады.

11. Сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі дипломатияның рөлі

Ел ішіндегі заң мен тәртіпті қамтамасыз ету тұрақты сыртқы жағдайларсыз мүмкін емес. Сондықтан Қазақстан бейбітшілігі үшін әрбір теңгерімді сыртқы саясатты дәйекті түрде ұстанып келеді. Дипломатияның

негізгі міндеттері:

- егемендікті қорғау;
- шетелдегі азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
- бітімгершілік және қарусыздану бастамаларына қатысу.

Қазақстан терроризмге, экстремизмге, заңсыз көші-қонға және климаттық қатерлерге қарсы күресте халықаралық деңгейде белсенді қатысуда.

12. «Заң мен тәртіп» қағидаты

«Заң мен тәртіп» — жай ғана ұран емес, бұл кешенді мемлекеттік стратегия. Ол мыналарды қамтиды:

- құқықтық жүйені нығайту және сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету;
- құқық қорғау органдарын жаңғырту;
- заңнаманы жетілдіру;
- халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру;
- цифрлық бақылау тетіктерін дамыту;
- азаматтық сана мен заңды сақтау мәдениетін қалыптастыру.

13. Азаматтар мен қоғамның жауапкершілігі

Құқықтық мемлекетте заң — тек міндет қана емес, сонымен бірге құндылық. Әрбір азамат:

- жол қозғалысы ережелерін;
- қауіпсіздік талаптарын;
- салық заңнамасын;
- қоғамдық тәртіп нормаларын сақтауы тиіс.

14. Қорытынды: Әділетті, Таза және Қауіпсіз Қазақстанға бастар жол

Мемлекет пен қоғам бірлесу әрекет етуі тиіс. Конституциялық тәртіп, азаматтардың қауіпсіздігі және заңның үстемдігі — ел дамуының негізгі шарттары. «Заң мен тәртіп» қағидаттарын қатаң сақтау арқылы ғана Қазақстан әрбір азаматы қорғалған, болашағына сеніммен қарай алатын күшті, әділетті, тұрақты және қауіпсіз мемлекетке айналады.

Дамир ШАМУРАТОВ,
Петропавл қаласының Әкімшілік құқық бұзушылықтар сотының мамандандырылған сотының төрағасы.

ЕМҚОРЛЫҚ ІНДЕТ - ЖООҢ МІНДЕТ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Қазақстан Республикасының азаматтары мен мемлекеттік қызметшілердің басты мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

- қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАФИДАТТАРЫ

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл:
 - заңдылық;
 - адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
 - жариялық пен ашықтық;
 - мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы;
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
 - сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау және көтермелеу;
 - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

Мейрамғали КӨКІБАЕВ,
облыстық мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау департаментінің басшысы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

TELEGRAM—БОТ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН АЗАМАТТАРДЫҢ ӨЗАРА ІС—ҚИМЫЛ АРНАСЫ РЕТІНДЕ

Мемлекеттік басқаруды цифрландыру жағдайында мемлекеттік органдар азаматтармен қарым-қатынас жасау үшін цифрлық құралдарды белсенді қолданады. ЕGov порталы арқылы дестүрлі жазбаша және электрондық өтініштермен қатар, мессенджерлер мен Telegram-боттар сұранысқа ие бола бастады. Мұндай платформалар азаматтар мен бизнес өкілдеріне мемлекеттік қызметтерді алудағы проблемалар туралы жедел хабарлауға мүмкіндік береді.

Өз кезегінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мемлекеттік қызмет көрсету саласында Telegram-бот құрды. Бұл платформа азаматтардың проблемалық мәселелерін жеделдетілген режимде шешуге немесе өтінішті құзыретті мемлекеттік органға қайта бағыттауға мүмкіндік береді.

Мәселен, 2025 жылы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментіне Telegram-бот арқылы 18 өтініш келіп түсті. Олардың 16-сы бойынша өтініш берушілердің дәлелдері расталды, бұзылған құқықтар қалпына келтірілді. Көбінесе азаматтар жер учаскелерін алуға өтініштерді қарау мерзімдерін ұзарту, автокөлікке мемлекеттік нөмір белгілерін беру, баланың туу туралы куәлігін рәсімдеу, бірінші сыныпқа өтінімді қайтару алу мүмкін еместігі, отбасылық жағдайы туралы мәліметтерді дұрыс көрсетпеу, сондай-ақ ақпараттық жүйелердегі ақаулар фактілері бойынша өтініш білдірді.

Барлық келіп түскен өтініштер бойынша Департамент жедел тәртіппен тиісті шаралар қабылдады. Өтініш беру тәсілі өтініш берушінің құқықтарының көлеміне оғар етпейтінін және мемлекеттік органды белгіленген міндеттерден босатпайтынын атап өту маңызды. Таңдалған байланыс

арнасына қарамастан, дербес деректердің заңдылығы, уақтылы қаралуы және құпиялылығы қамтамасыз етіледі.

Telegram-боттар арқылы келіп түсетін өтініштер, заңнама талаптары сақталған жағдайда, азаматтардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылының толыққанды нысаны болып табылады. Цифрлық құралдар құқықтық рәсімдерді алмастырмайды, бірақ оларды неғұрлым ыңғайлы және қолжетімді етеді, бұл мемлекеттік басқарудың ашықтығы мен клиентке бағдарлану қағидаттарына сәйкес келеді.

Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындарына цифрлық шешімдерді белсенді пайдалану ұсынылады, өйткені олар мемлекеттік қызметтерді алу үшін ашықтығы мен ыңғайлылығын арттыруға бағытталған. Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде сұрақтар туындаған жағдайда азаматтар Департаментіне e-Otinish.gov.kz, Telegram-бот «ЕgovKzBot2.0», сондай-ақ 8 (7152) 36-01-62 телефон нөміріне қоңырау шалуға болады.

Ержан ҚАРЫМҚАКОВ,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің СҚО бойынша департаментінің басшысы,
Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы.

ТҰСАУКЕСЕР

ҚАЛАМҒЕР МҰРАТБЕК ОСПАНОВТЫҢ «САНА» АТТЫ КІТАБЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



Ақпан айының 6-шы жұлдызында Мағжан Жұмабаев атындағы ерта мектепте ауданымыз үшін маңызды кездесу өтті, қаламгер Мұратбек Оспановтың «Сана» атты кітабы таныстырылды. Тұсаукесер ролінде «Мағжан» ерталығының жетекшісі, Қызылжар ауданы Жазушылар одағы АҚОФ директоры Жарасбай Сүлейменов, облыстың және ауданының Құрметті азаматы Оралбай Сағындықов, аудан әкімінің ершілбасары Аманат Шәріпов, мектеп қауым өкілдері, жазушының ауылдастары, мектеп ұжымы мен оқушылар қатысты.

Жерлесіміз, жазушы Мұратбек Оспановты біреу таныса, біреу танымайды. Ол кездесу барысында өзінің өмір жолы, еңбек еткен мекемелері және шығармашылық жолы тоқталып, оқырмандарға өзінің «Сана» атты кітабын кеңінен таныстырды.

Мұратбек Мұхамедияұлы Оспанов 1948 жылы 11 шілдеде Жаңа тұрмыс ауылында дүниеге келген (қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы).

1958 жылы Жаңа тұрмыс ауылы қазіргі «Құралай» ауылы тұрған жерге көшірілді.

1960-61 жылдары Қызылжардағы 2-ші қазақ мектеп-интернатында оқиды. 1966 жылы мектепті бітіріп, Қарағанды қаласындағы педагогикалық институтының физика және математика факультетіне оқуға түскен.

1972 жылы Теміртау қаласында метал-

лургия комбинатында жұмыс атқарған. Қырық жылдай еңбек етіп зейнетке шыққан.

Облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде 80-ші жылдары – «Сырнай сазы» деген әңгімесі жарияланды.

90-шы жылдардың басында «Көлеңкедегі көшет» атты хикая «Жалын» журналында жарияланған. Бұл хикая екі рет басылып, толықтырылып шыққан.

2025 жылы «Сана» деген шығармасы шықты. Бұл жинаққа осы күнге дейін бар шығармашылық еңбегі еніп отыр.

Қазіргі кезде Мұратбек Мұхамедияұлы Оспанов Теміртау қаласында тұрады.

- Мен жас кезімде жазушы боламын деп ойламап едім. Бірақ еңбек етіп жүрген кездері, өмірден түйгенімді, өмір тәжірибемді қағазға түсіре келе, жазған дүниелерім бір кітап болып қалды. Содан оларды баспаға беріп, әңгімелерім мен

повестерім газет-журнал беттерінде басыла бастады. Бүгін міне, жазған шығармаларым бірнеше кітап болып жарияланып отыр. Жерлестеріммен кездесу ұйымдастырып, туған жеріме деген сағынышымды басып отырған аудан әкімшілігіне және менімен жүзбежүз көрісуге келген барша жандарға ризашылығымды білдіремін, - деді Мұратбек Мұхамедияұлы.

Қаламгердің еңбектерін Сафуан Шаймерденов, Әбіл Кекілбаев сынды атақты жазушылар жоғары бағалаған екен.

Жарасбай Сүлейменов те өз сөзінде «Сана» кітабы оқырманды бірден баурап алатын жақсы еңбек екенін атап өтіп, жаппай оқуға шақырды.

Іс-шара соңында мектеп оқушылары Жұмабек Мәдина, Нүрәли Ару, Амангелді Снежанна Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқыса, 7-ші

сынып оқушысы Сыпабек Әсел Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңін әнімен орындап берді. Кездесу мектебіміздің жас ұстазы Гүлжахан Тоғалбайқызы және 9-шы сынып оқушысы Айтубай Жансезім «Жақсы адамдармыз» әнін орындап, көрерменнің қошеметіне бөленді.

Содан кейін ел ағалары кітаптың тұсаукесерін жасап, қаламгер жерлестеріне ізгі тілектерін арнап, жаңа кітаптарын табыс етті.

Осылайша, кіндік қаны тамған жерге алыстан келіп, кітабын таныстыруды жөн көрген жазушы Мұратбек Оспанов мағжандардың зор құрметіне ие болды. Жиналған қауым қаламгермен естелік суретке түсіп, алдағы уақытта тағы да кездесеміз деген ниетпен қоштасты.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

«БІР ЕЛ – БІР КІТАП» АКЦИЯСЫ



ҚАБДЕШ ЖҰМАДИЛОВТЫҢ «ТАҒДЫР» КІТАБЫ ТАҢДАЛДЫ

Биылғы жылы «Бір ел – бір кітап 2026» республикалық акциясы аясында тарихтың шындығын көркем сөзбен жеткізе білген қаламгер Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» романы оқырмандарға ұсынылып отыр.

Қабдеш Жұмаділов - қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы. Қазақ қоғамының әлеуметтік және рухани мәселелерін терең бейнелеген шығармаларымен танымал.

Қазақ әдебиетінің қазынасына енген Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» романы – қазақ халқының күрделі тарихи кезеңдегі тағдырын, ел болып сақталып қалу жолындағы ауыр күресін терең толғаған туынды. Жазушы ел мен жер тағдырын, азаттықты, ұлт тарихындағы күрделі кезеңдерді шынайы бейнелейді.

Қабдеш Жұмаділовтің шығармашылығының биігі саналатын «Тағдыр» романы 1990 жылы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

Барша оқырмандарды «Бір ел-бір кітап» акциясына белсене қатысып, Қабдеш Жұмаділовтің тағылымы мол шығармаларымен танысуға шақырамыз!

Мағжан Жұмабаев ауданының орталықтандырылған кітапхана жүйесі.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

ТАНЫСЫҢЫЗДАР, ЖАҢА КІТАПТАР!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында: «Шын мәнінде, озық ойлы болудың ең тете жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек», - деген болатын. Кітаптар бізге білімнің тереңіне үйіліп, қиялымызды шыңдауға мүмкіндік береді, ендеше Мағжан Жұмабаев ауданының кітапханаларына келіп түскен жаңа кітаптармен таныстырып өтейік. Белгілі жазушы Асқар Алтайдың «Былғары табыт» кітабы келіп түсті. Бұл жинағына студент шағында жазған тұңғыш повесі «Қызыл бөлітік» пен қырықтың қырқасынан асқанда туындатқан романы «Туажат», елуді еңсергенде едіптеген «Былғары табыт» романы енгізілген.

«Мыңжылдықтың соңғы күздері» - жазушы Серік Сағынтайдың кейінгі жылдары жазған қос әңгімесі мен қос повесі топтастырылған жинақ. Хикаят XX ғасырдың тоқсаншы жылдарындағы, мыңжылдық ауысар тұстағы ауыл тірлігінің көріністерінен құралған.

Поэзиялық, прозалық және сатиралық бірнеше кітаптардың авторы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Әріс Яшүкірқызының «Су астындағы сұмдық» атты бұл жинағы қазақ әйелдерінің қылмыстары туралы детективті жанрда жазылған екінші кітабы. Кітап «Ашылған қылмыстар» және «Ашылмаған қылмыстар» деп аталатын екі бөлімнен тұрады. Әйелдер жасаған қылмыстық істер негізі емсідө нақты болған оқиғалар. Байлық пен мансап, қорлықтың, қызғаныштың түп негізі қайда соғарын оқырман өз талдауына қалдырады.

Сонымен қатар Ахмет Кенесариннің «Кенесары және Сыздық сұлтандар» атты кітабы келді. Кітап авторы бұл кітабында Кенесары мен Сыздық сұлтандардың басылығыммен қазақ халқының XIX ғасырдың ортасында патшалық Ресейдің отаршылқық басшылығына қарсы жасалған ұлт-азаттық қозғалысы туралы өңгімелейді.

Зарқын Тайшыбайдың «Абайтанудың кейбір мәселелері» кітабы үш тараудан тұрады. Бірінші тарау «Абай және баспасөз», екінші тарау «Абайдың кезі тірлісінде жарияланған шығармалары», үшінші тарау «Абайдың ақындық шеберханасын барлау». Бұл зерттеулерді қолға алғанда қазақтың ұлы ақыны Абайдың кезі тірлісінде баспасөз бетінде айтылған пікірлері, ақынның өмірбаяны, туған, өскен ортасы жөніндегі саралау көзделді. Абайдың ойшылдығы, өз кезіндегі қазақ қоғамының өмірінде алған орны туралы алғашқы мағлұматтар, Абай шығармаларының мөрімді баспасөзге тигізген есері қалыптастырылды.



Ұлан Еркінбайдың «Әдебиет танытқышқа» кіріспе кітабында Ұлт ұстазы, ірі энциклопедист ғалым, қазақ әдебиеттану ғылымындағы әдебиет теориясының негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлының – сөз өнерінің теориялық сипаты жөніндегі тұжырымдары талқыланып отыр.

Сүлеймен Мәметтің «Қазақтың қақысы», Жақсылық Қажымұраттың «Сөз сарасы», Тоқымбек Әбдірайымның «Ғанибет» кітаптарында әдебиет, мәдениет, өнер қайраткерлері хақында баспасөз бетінде жарық көрген эсселері, әдеби зерттеулер, мақалалар, жолсарп естеліктер, сұхбаттар енген. Кітап көпшілік қауымға арналған.

Дөнеш Ахметұлының жеті бөлімнен тұратын «Қоян жылы» жинағына кірген ертегілердің тақырыбы алуан түрлі. Ертегілерде жаңа заманға үн ерекшеліктер де орын алған. Техникалық үрдіс, электроника жетістіктері оқиғаның мазмұнын арттыра түскен.

Көкбері Мұбарактың «Менді жүрек» жинағында миф пен шындық, аңыз бен бүгінгі күн, жер мен аспан, арман мен дерт қатар өріледі. Мұнда қазақ руханиятының архаикалық қуаты да, ғаламдық ойдың түпсіздігі де астысып, адам жанын түршіктіріп те, шабыттандырып та отырады.

Ал Болат Асановтың «Әжемнің өңгімелері» кітабында мектеп оқушылары ұғымына сай тәлім-тәрбиелік, идеяға бай, өртүрлі тақырыптағы туындылар топтастырылған. Әңгімелердің өрбі оқырманды өзгеше кеңістікке: кейде тарих қойнауына, кейде болашаққа, кейде уақытқа дейінгі уақыттың шекарасына жетелейді.

Жанар БІТЛМӘЖІНОВА, ОКЖ жинақтау бөлімінің кітапханашысы.



muftayat.kz

Рамазан 2026

Ораза кестесі

हिजри 1447 жыл

БУЛАЕВ ҚАЛАСЫ

РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	АҚПАН	ТАҢ (Сәресі бітетін уақыты)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (ауызашар уақыты)	ҚҰПТАН
1	Бейсенбі	19 Ақпан	05:52	07:27	12:37	15:43	17:38	19:13
2	Жұма	20 Ақпан	05:50	07:25	12:37	15:45	17:40	19:15
3	Сенбі	21 Ақпан	05:48	07:23	12:37	15:47	17:42	19:17
4	Жексенбі	22 Ақпан	05:46	07:20	12:37	15:49	17:44	19:19
5	Дүйсенбі	23 Ақпан	05:43	07:18	12:37	15:51	17:46	19:21
6	Сейсенбі	24 Ақпан	05:41	07:16	12:36	15:53	17:48	19:23
7	Сәрсенбі	25 Ақпан	05:39	07:13	12:36	15:54	17:50	19:25
8	Бейсенбі	26 Ақпан	05:37	07:11	12:36	15:56	17:52	19:27
9	Жұма	27 Ақпан	05:34	07:08	12:36	15:58	17:54	19:29
10	Сенбі	28 Ақпан	05:32	07:06	12:36	16:00	17:57	19:31
11	Жексенбі	1 Наурыз	05:30	07:04	12:36	16:02	17:59	19:33
12	Дүйсенбі	2 Наурыз	05:27	07:01	12:35	16:03	18:01	19:35
13	Сейсенбі	3 Наурыз	05:25	06:59	12:35	16:05	18:03	19:37
14	Сәрсенбі	4 Наурыз	05:22	06:56	12:35	16:07	18:05	19:39
15	Бейсенбі	5 Наурыз	05:20	06:54	12:35	16:09	18:07	19:41
16	Жұма	6 Наурыз	05:17	06:51	12:34	16:10	18:09	19:43
17	Сенбі	7 Наурыз	05:15	06:49	12:34	16:12	18:11	19:45
18	Жексенбі	8 Наурыз	05:12	06:47	12:34	16:14	18:13	19:47
19	Дүйсенбі	9 Наурыз	05:10	06:44	12:34	16:16	18:15	19:49
20	Сейсенбі	10 Наурыз	05:07	06:42	12:34	16:17	18:17	19:51
21	Сәрсенбі	11 Наурыз	05:05	06:39	12:33	16:19	18:19	19:53
22	Бейсенбі	12 Наурыз	05:02	06:37	12:33	16:21	18:21	19:55
23	Жұма	13 Наурыз	04:59	06:34	12:33	16:22	18:23	19:57
24	Сенбі	14 Наурыз	04:57	06:31	12:32	16:24	18:25	19:59
25	Жексенбі	15 Наурыз	04:54	06:29	12:32	16:26	18:27	20:02
26	Дүйсенбі	16 Наурыз	04:51	06:26	12:32	16:27	18:28	20:04
27	Сейсенбі	17 Наурыз	04:49	06:24	12:32	16:29	18:30	20:06
28	Сәрсенбі	18 Наурыз	04:46	06:21	12:31	16:30	18:32	20:08
29	Бейсенбі	19 Наурыз	04:43	06:19	12:31	16:32	18:34	20:10

ЕСКЕРТУ:

- **Оразаға ниет:** Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.
- **Ауызашар дұғасы:** Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, кешірімді Алла! Менің бұрынғы және кейінгі күнеларымды кешір!
- Сақтық үшін сәресін **10 минут** ерте жабу.
- Пітір садақасы жан басына **735 теңге**.
- Пітір садақа және садақаны KaspiBank, HalykBank, ForteBank, Банк ЦентрКредит, Alatau City Bank, Vereke Bank мобильді қосымшалары және Қазпошта арқылы аударуға болады.
- **Қадір түні** – наурыз айының 16-нан 17-не қараған түн.
- **Ораза айт** – 20 наурыз.



Рамазан кестесін MuftayatBot
телеграм чат-боттан
жүктеп алыңыз



Call орталық 24/7
+7(707)233 30 30

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Жөнтеген адамдар құмар ойындарын ойын-сауық ретінде бастанайды, бірақ көбінесе бұл тәуелділікке - лудоманияға алып келеді. Мұндай жағдайларда адам өзінің іс-әрекетін бақылай алмай, қаржылық қиындықтарға тап болады. Бұл тек жеке өміріне ғана емес, сонымен қатар кәсіби қызметіне де әсер ететін жағдай.

ЛУДОМАНИЯ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ



Лудомания - қазіргі қоғамның дерті

Мемлекеттік қызметшілерге құмар ойындарға қатысу аса қауіпті. Мемлекеттік қызмет азаматтардың сеніміне негізделген. Ал қарыздар мен қаржылық тәуелділік қызметкерді қызметтік жағдайды теріс пайдалануына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әкелуі мүмкін.

Дәл осы себептен мемлекеттік қызметшілерге құмар ойындарға және бас тигуге қатысуына заңнамалық деңгейінде тыйым салынаған және бұл талаптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қатарына жатқызылған.

Белгіленген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамауы ауыр зардаптарға әкеліп соғады және мемлекеттік қызметті тоқтату үшін негізгі болып табылады.

Осымен қатар, мемлекеттік қызмет

туралы заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзғаны үшін, жұмыстан шығарылған тұлғалардың бір жыл ішінде мемлекеттік қызметке кіруге мүмкіндіктері жоқ ретінде қосымша шаралар көзделген.

Белгіленген шектеулерді іске асыру кұқық қолдану практикасында да белгіленген шектеулерді жүзеге асыруы көрініс болып табылады. Осылайша, 2025 жылы Солтүстік Қазақстан облысында құмар ойындарға және бас тигуге қатысқаны үшін 6 мемлекеттік қызметші жұмыстан шығарылды.

Мемлекетпен жауапкершілік шараларын қолдануымен қатар, ойынға тәуелділікті алдын алу үшін бағытталған шараларды да іске асыруда.

Өздерін ойынға құмарлықтан қорғағысы келетін азаматтарға «eGov mobile» қосымшасы арқылы құмар ойындарға қатысуы өз еркімен шектеу салуы мүмкін. Бұл құрал жағымсыз салдардан уақытылы алдын алуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызмет - бұл жай ғана қызмет емес, қоғам алдындағы үлкен жауапкершілік. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау, құмар ойындарға қатысудан бас тарту және жауапты мінез-құлық азаматтардың сенімін сақтауды және мемлекеттік органдардың қызметін тиімді қамтамасыз етудің маңызды шарттары болып табылады.

Диана САЛГАРИНА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері
Агенттігінің СҚО бойынша
департаментінің бас маманы.

СЕРВИСТІК БАҒДАРЛАМА

ЖЕКЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ КІТАПШАЛАРДЫ БАҚЫЛАУ ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТҚА КӨШІРЕЛЕДІ

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі e-SEN платформасында «Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау» сервистік бағдарламалық өнімін (СЭҚ СБӨ) іске қосу шеңберінде қызметкерлердің жеке медициналық кітапшаларын бақылауды цифрлық форматқа ауыстырды. Жүйе автоматты режимде персоналдың жеке медициналық кітапшаларының қолданылу мерзімін қадағалайды және жұмыс берушілерге жұмысқа рұқсаттың аяқталғаны туралы хабарлайды. Бұл қызметкерлерді қолданыстағы медициналық тексерулерсіз жедел шеттетуге мүмкіндік береді және сырттан тексерусіз инфекциялық аурулардың таралу қаупін азайтады, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.



Жеке медициналық кітапшаларды бақылау – еліміздің барлық өңірлерінде енгізілген санитариялық-эпидемиологиялық қадағалаудың бірыңғай цифрлық жүйесінің бөлігі. Платформа санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен бизнесті бірыңғай цифрлық контурда біріктіреді.

Жүйеде 178 146 бақылаудағы объектілер мен 95 мыңнан астам кәсіпкерлік субъектілерді қамтитын бірыңғай тізілім қалыптастырылды. 104 мыңнан астам пайдаланушы тіркелген.

Платформа арқылы объектілерге бармай профилактикалық бақылау жүзеге асырылады. 2025 жылы кәсіпкерлермен өндірістік бақылау туралы 10 194 есеп жүктелді, талдау қорытындысы бойынша бұзушылықтарды жою бойынша 731 ұсыным берілді.

СЭҚ СБӨ мемлекеттік ақпараттық жүйелермен, соның ішінде заңды және жеке тұлғалардың мәліметтер базасы-

мен, рұқсат беру құжаттарының жүйелерімен, тексерулерді есепке алу және өкімшілік практикамен біріктірілген. Ақпарат алмасу нақты уақыт режимінде жүзеге асырылады, қағаз құжат айналымы алынып тасталады.

Талдамалық дашбордтар есеп берудің уақтылығы бойынша өңірлердің рейтингтерін қалыптастыруға, рұқсат беру құжаттарының объектілерді анықтауға және тексерулерді жоспарлау үшін қауіп топтарын автоматты түрде анықтауға мүмкіндік береді.

2026-2027 жылдары тексеру нәтижелерін, анықталған бұзушылықтарды және қабылданған шараларды қоса алғанда, санитариялық-эпидемиологиялық жай-күйінің толық тарихы бар бірыңғай бейінді объектінің цифрлық паспортын енгізу жоспарлануда.

Азаматтар үшін қоғамдық тамақтану, білім беру және қызмет көрсету салаларындағы объектілердің санитариялық саламаттылығының жария рейтингін қалыптастырылады. Бизнес үшін өзін-өзі бақылау құралдарымен және барлық хабарламаларды, актілер мен нұсқамаларды электрондық түрде алумен жеке кабинеттерді кеңейту көзделген.

Тексеру кестелерін қалыптастыру субъективті факторды болдырмайтын және қадағалау қызметінің ашықтығын арттыратын қауіптерді бағалау негізінде автоматты түрде жүзеге асырылады.

Жоба бұзушылықтардың алдын алуға және санитариялық-эпидемиологиялық қауіптердің алдын алуға бағытталған.

EGOV.KZ ПОРТАЛЫ

СТУДЕНТТЕР ӘСКЕРИ КАФЕДРАҒА ОҚУҒА ТҮСУ ҮШІН ӨТІНІШТІ ОНЛАЙН ТАПСЫРА АЛАДЫ

2026 жылғы 1 ақпаннан бастап қазақстандық жоғары оқу орындарының студенттері әскери кафедраға оқуға түсуге өтінішті eGov.kz порталы арқылы толық онлайн форматта бере алады. Құжат тапсырудың жаңа тәртібі офицерлер мен запастағы сержанттарды даярлау бағдарламаларына конкурса қатысу процесін жеңілдетіп, еліміздің барлық өңіріндегі студенттер үшін оны ашық әрі қолжетімді етеді.

Әскери кафедрада оқу студенттерге негізгі білімнен қатар қосымша кәсіби даярлықтан өтуге мүмкіндік береді. Оқу курсы аяқталғаннан кейін түлектерге «запастағы лейтенант» немесе «запастағы кіші сержант» әскери атағы беріледі.

eGov.kz порталы арқылы өтінішті күндізгі бөлімде оқитын бакалавриат студенттері тапсыра алады. Өтініштерді қабылдау 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейін жалғасады.

«Бұрын студенттер құжаттарды тікелей жоғары оқу орындарында қағаз түрінде тапсыруға мәжбүр болатын. Біз азаматтардың мемлекетпен өзара іс-қимылын жеңілдету және офлайн жүгінуді азайту үшін суранысқа ие қызметтерді кезек-кезеңімен цифрлық форматқа көшіруді жалғастырып келеміз. Әскери кафедраларға онлайн өтініш қабылдау – осы бағыттағы тағы бір маңызды қадам», – деді «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ басқарма төрағасы Дуалт Бекманов.

Өтініш берудің жаңа форматы тек ыңғайлықты арттырып қана қоймай, тексеру процесінде автоматтаңдыруға мүмкіндік береді. Өтінім жіберілер алдында жүйе үміткер туралы психоневрологиялық, наркологиялық және туберкулез диспансерлері бойынша, сондай-ақ мүгедектігінің және сотталығының бар-жоғына қатысты мәліметтерді автоматты түрде тексереді. Жеке басын куәландыратын деректер мен білім туралы мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелерден пайдаланушының қатысуынсыз алынады. Байланыс телефоны Мобильді азаматтар базасында (МАБ) тіркелген болса, автоматты түрде толтырылады,

ал болмаған жағдайда қолмен енгізіледі. Қызметті пайдалану үшін пайдаланушыға:

- eGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Басты бет» – «Азаматтарға» – «Әскери есеп және қауіпсіздік» – «Әскери қызмет» бөліміне өту;

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында әскери кафедраға оқуға түсу үшін өтініштерді қабылдау» қызметін таңдап, «Онлайн сұрау» батырмасын басу;

- қажетті деректерді толтырып, әскери кафедра мен оқу бағдарламасын таңдау;

- дербес деректерді пайдалануға келісім беру;

- суранысты қол қоюдың қолжетімді тәсілдерінің бірімен растау қажет.

Өтініштің қаралу нәтижесі пайдаланушының жеке кабинетінде «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде қолжетімді болады. Оң шешім қабылданған жағдайда өтініш берушіге уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталған электрондық құжат ұсынылады. Бас тартылған жағдайда селпелері көрсетілген дәлелді хабарлама жіберіледі.

Өтінішті қарау мерзімі оны тапсырған сәттен бастап бес жұмыс күніне дейінгі уақытты құрайды.

Қызмет Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Мемлекеттік қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бірлескен жұмысының нәтижесінде іске асырылды.

Анар МАҒЗҰМОВА,
«Ұлттық ақпараттық технологиялар»
АҚ Корпоративтік коммуникациялар
департаменті.

САМАН КЕҢЕСІ

Қазақстанда консервілер маусымның басталуымен қауіпті жұқпалы ауру, ботулизм қаупі артады. Бұл ауыр, жеңіл өліммен аяқталатын улану Clostridium botulinum бактериясының токсинінен туындайды. Ботулизм қоздырышы тек герметикалық жабылған банкаларда анаэробты жағдайда ғана көбейеді.



БОТУЛИЗМ: ШЫНЫ ЫДЫСТАҒЫ ӨНІМ ҚАУПІ

Қауіп қай жерде?

Ботулизмнің ең көп таралған көздері:

- Үй консервілері (саңырауқұлақтар, көкөністер, әсіресе кияр және аскабак икрасы).
- Кенірітілген, исталған және тұздалған балық (әсіресе үйде жасалған).
- Ет консервілері мен шұжықтар.

Симптомдарды қалай таңуға болады?

- Симптомдар тамақ ішкеннен кейін 12-72 сағаттан кейін (кейде 8 күнге дейін) пайда болады.
- Неврологиялық бұзылулар: екі түрлі етіп көру, бұлыңғыр көру, қабақтардың түсуі, сөйлеудің бұзылуы.
- Ауыздың құрғауы, жұтынудың қиындауы, бұлшықет әлсіздігі.
- Асқазан-ішек жолдарының бұзылуы: жүрек айну, күш, іштің ауыруы, кебулер.

Маңызды: Ботулизм кезіндегі дене температурасы әдетте қалыпты болып қалады, бұл жаңылыстыруы мүмкін.

Ботулизм токсиніне күдіктенсеңіз не істеу керек?

Ботулизм токсинінің алғашқы белгілерінде дереу жедел жәрдем шақырыңыз. Өзін-өзі емдеуге жол берімейді. Антиботулинді сарысулы дереу

енгізу ғана өмірді сақтайды.

Алдын алу (сақтық шаралары):

1. Консервіленген салаттарды, саңырауқұлақтарды, киярларды, исталған балықты немесе үй ветчиналарын саңырауқұлақтан немесе стихиялық базарлардан сатып алмаңыз;
2. Үйде консервілеу кезінде стерильді жағдайды сақтаңыз.
3. Кез келген кірді кетіру үшін көкөністер мен саңырауқұлақтарды мұқият жуыңыз.
4. Үйдегі консервілерді қайнатқыңыз: ботулиндік токсин 80 градус Цельсий (176 градус Фаренгейт) 30 минут немесе 100 градус Цельсий (212 градус Фаренгейт) 10-20 минут бойы қыздыру арқылы жойылады.
5. Ісінген банкаларды лақтырып тастаңыз, бірақ қауіпсіз емес банкалардың сыртқы бұзылу белгілері болмауы мүмкін екенін есте сақтаңыз.

Өзіңізге және жақындарыңызға қамқорлық жасаңыздар, тағамды сақтау және тұтыну кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар!

Күлсара ӘЛЖАНОВА,
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
бас маманы.



Дүйсенбі, 16 ақпан	Сейсенбі, 17 ақпан	Сәрсенбі, 18 ақпан	Бейсенбі, 19 ақпан	Жұма, 20 ақпан	Сенбі, 21 ақпан	Жексенбі, 22 ақпан
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
05.30 ӘНУРАН. 05.35, 15.15 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ» 06.00 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМ» 07.00 «ТАՆՏHՈԼPԱՆ» 09.00, 00.05 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.50 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН» 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...» 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР» 14.15 АПТА. 15.00 АҚОРДА. 15.15 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 16.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» 17.20, 01.20 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ» 22.15, 02.05 АШЫҚ АЛАҢ. 23.05 1001 ТҮН. 02.55 АУЫЛДАСТАР.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 03.00 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМ» 07.00 «ТАՆՏHՈԼPԱՆ» 09.00, 00.05 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН» 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...» 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР» 14.15 БАС ТАҚЫРЫШ. 14.40 Д/Ф. 15.15 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ» 16.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» 17.20, 03.30 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ» 22.15 АШЫҚ АЛАҢ. 23.05 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ.	05.40, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 03.00 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМ» 07.00 «ТАՆՏHՈԼPԱՆ» 09.00, 00.05 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН» 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...» 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР» 14.15 БАС ТАҚЫРЫШ. 14.40 Д/Ф. 15.15 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ» 16.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» 17.20, 03.30 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ» 22.15 АШЫҚ АЛАҢ. 23.05 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 03.00 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМ» 07.00 «ТАՆՏHՈԼPԱՆ» 09.00, 00.05 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН» 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...» 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР» 14.15 «АҚЫЛ МЕН АЛГОРИТМ» 14.45 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 16.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» 17.20, 03.30 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ» 22.15 АШЫҚ АЛАҢ. 23.05 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.25 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «ЖАНАТСЫЗ ҚУСТАР» 07.00 «ТАՆՏHՈԼPԱՆ» 09.00, 00.40 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН» 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...» 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР» 14.15 Д/Ф. 14.45 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 15.35 КӨКЖИЕКТЕН АСКАН ҮН. 16.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» 17.20, 01.55 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ» 22.15, 02.40 АШЫҚ АЛАҢ. 23.05 1001 ТҮН. 00.00 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 20.00, 01.35 АҚПАРАТ. 06.05 «АУЫЛДАСТАР» 06.35 Т/Х «БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА» 07.35 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ» 08.35, 21.20 «КӨКЖИЕКТЕН АСКАН ҮН» 09.00, 00.45 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» 10.00, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН» 12.00 КОНЦЕРТ. 13.00, 02.25 «БӨРЕКЕЛДІ» 14.30 «ҚОЖА. ЖАҢА САЯХАТ», Х/Ф. 16.10 М/Ф «МҮЗДЫ ӨЛКЕ» 17.40, 01.45 КОС ПАЛАТА. 20.10, 02.05 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ» 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ» 23.10 «ЖЫНЫМ СОЛ», Х/Ф.	05.30 ӘНУРАН. 05.35 АҚПАРАТ. 05.45, 02.50 «АУЫЛДАСТАР» 06.15, 02.15 Т/Х «БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА» 06.50 «ҚОЖА. ЖАҢА САЯХАТ», Х/Ф. 08.25, 01.40 Д/Ф. 09.00, 23.55 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» 10.00, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН» 12.10 М/Ф «МҮЗДЫ ӨЛКЕ» 13.45 «КӨКЖИЕКТЕН АСКАН ҮН» 15.45 «ЖЫНЫМ СОЛ», Х/Ф. 17.40, 01.25 АҚОРДА. 20.00, 00.45 АПТА. 20.40 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ» 21.30 «ӨМІРГЕ ФАШЫҚПЫН».

Дүйсенбі, 16 ақпан	Сейсенбі, 17 ақпан	Сәрсенбі, 18 ақпан	Бейсенбі, 19 ақпан	Жұма, 20 ақпан	Сенбі, 21 ақпан	Жексенбі, 22 ақпан
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 Т/С «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ» 07.00 ОЯН! 09.00 ДӨСТҮР. 09.30, 19.30 Т/Х «ШЫРМАЛҒАН ТАҒДЫР» 11.30 ҚОҒАМ ШҚІРІ. 12.30 ОЙНАҚ. 13.30 КӨЗҚАРАС. 14.30 М/Ф. 14.55, 22.00, 00.00, 01.10 2026 ЖЫЛҒЫ ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫ. 17.15 Т/С «СТАЖЕР». 19.00 НОВОСТИ. 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 23.00 Т/Х «СКАЖИ ПРАВДУ» 03.45 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/С «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ» 07.00 ОЯН! 09.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 09.10 ХАҚЫҢ БАР. 09.30, 20.10 Т/Х «ШЫРМАЛҒАН ТАҒДЫР» 11.30 КОНЦЕРТ. 13.30 ӨЗЕКТІ. 14.00 ӘЛЕУМЕТ. 14.20 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.30 Т/Х «МОЯ ПРЕКРАСНАЯ ЖИЗНЬ» 16.30 Т/С «СТАЖЕР». 18.20, 23.25, 01.00 2026 ЖЫЛҒЫ ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫ. 22.00 «БІТНЕЙТІН ТОЙ», Х/Ф. 03.40 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/С «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ» 07.00 ОЯН! 09.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 09.10 НЕОСАНА. 09.30, 19.30 Т/Х «ШЫРМАЛҒАН ТАҒДЫР» 11.30 «БІТНЕЙТІН ТОЙ», Х/Ф. 13.00 ӨСЕМ ӘНДЕР. 13.35, 15.35, 22.05 2026 ЖЫЛҒЫ ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫ. 15.05 НЕОСЕТЬ. 15.25 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 17.00, 00.45 Т/С «СТАЖЕР». 19.00 НОВОСТИ. 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 02.35 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/С «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ» 07.00 ОЯН! 09.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 09.10 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 09.30, 19.30 Т/Х «ШЫРМАЛҒАН ТАҒДЫР» 11.30 КОНЦЕРТ. 13.30 ӨЗЕКТІ. 14.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 14.25, 16.45, 23.00 2026 ЖЫЛҒЫ ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫ. 18.40 ӨСЕМ ӘНДЕР. 19.00 НОВОСТИ. 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 ОЙНАҚ. 02.15 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/С «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ» 07.00 ОЯН! 09.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 09.10 АРНАЙ РЕПОРТАЖ. 09.30, 19.30 Т/Х «ШЫРМАЛҒАН ТАҒДЫР» 11.30 КОНЦЕРТ. 13.30 ӨЗЕКТІ. 14.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 14.20 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.30 Т/С «ОТРАВЛЕННАЯ ЖИЗНЬ» 18.05, 23.00, 01.00 2026 ЖЫЛҒЫ ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫ. 19.20 НОВОСТИ. 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 ҚОҒАМ ШҚІРІ. 03.45 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/С «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ» 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф «ПРИШЕЛЫЦЫ В ДОМЕ» 11.20 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ» 11.35 «ДЕВЯТЬ ЯРДОВ-2», Х/Ф. 13.10 ЖЕКПЕ-ЖЕК АЙТЫС. 14.40, 17.20, 23.00, 00.30 2026 ЖЫЛҒЫ ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫ. 16.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5» 18.35 ӨСЕМ ӘНДЕР. 19.00 7 КҮН. 19.40 ЖҮМЫР ЖЕР. 20.00 COVER SHOW. 20.45 «ПАДЕНИЕ ОЛИМПА», Х/Ф. 03.30 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/С «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ» 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф «ХРАНИТЕЛЬ ЛУНЫ» 11.25 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ» 11.45 «ПАДЕНИЕ ОЛИМПА», Х/Ф. 13.55, 23.45 2026 ЖЫЛҒЫ ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫ. 17.25 COVER SHOW. 19.00 7 КҮН. 19.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.15 ОЙНАҚ. 22.15 «ДЕВЯТЬ ЯРДОВ 2», Х/Ф. 02.50 КР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 16 ақпан	Сейсенбі, 17 ақпан	Сәрсенбі, 18 ақпан	Бейсенбі, 19 ақпан	Жұма, 20 ақпан	Сенбі, 21 ақпан	Жексенбі, 22 ақпан
ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ
06.00, 03.55 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 АНАЛИТИКА. 11.45 «АНЬКТАЙМЫЗ» Р. ӨТЕПБАЙМЕН. 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.40 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.10 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 20.00, 00.30 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «НЕВСКИЙ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.50 Т/С «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ САВЕЛЬЕВА».	06.00, 03.55 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.45 Т/С «ЗАПРЕТНАЯ ЛЮБОВЬ» 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.40 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.10 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 20.00, 00.30 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «НЕВСКИЙ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.50 Т/С «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ САВЕЛЬЕВА».	06.00, 03.55 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.45 Т/С «ЗАПРЕТНАЯ ЛЮБОВЬ» 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.40 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.10 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 20.00, 00.30 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «НЕВСКИЙ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.50 Т/С «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ САВЕЛЬЕВА».	06.00, 03.55 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.45 Т/С «ЗАПРЕТНАЯ ЛЮБОВЬ» 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.40 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.10 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 20.00, 00.30 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «НЕВСКИЙ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.50 Т/С «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ САВЕЛЬЕВА».	06.00, 03.15 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.45 Т/С «ЗАПРЕТНАЯ ЛЮБОВЬ» 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.30 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/С «МОЙ БЛИЗКИЙ ВРАГ».	06.00, 03.20 ТАМАША СІТУ. 06.50, 02.35 «П@УТИНА». 09.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 09.40 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 10.00 «МОЙ БЛИЗКИЙ ВРАГ», Х/Ф. 14.00 «ГОРЬКО», Х/Ф. 16.15 «МАЧЕХА», Х/Ф. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.35 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 21.00, 01.55 «АНЬКТАЙМЫЗ. Р. ӨТЕПБАЙМЕН». 22.00 «СЛОМАННЫЕ СУДЬБЫ», Х/Ф.	06.00, 03.20 ТАМАША СІТУ. 06.50, 02.35 «П@УТИНА». 07.40 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 08.25 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 08.50 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 09.40 «СЛОМАННЫЕ СУДЬБЫ», Х/Ф. 13.40 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 15.00, 18.00 «ТЕОРИЯ НЕВЕРОЯТНОСТИ», Х/Ф. 17.00 «ГОВОРИМ О ГЛАВНОМ» 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50, 01.45 «АНЬКТАЙМЫЗ. Р. ӨТЕПБАЙМЕН». 21.50 Т/С «ЗАПАХ ЛАНДАДЫ».

Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды.
Абай ҚҰНАНБАЕВ.
Көп сөйлеме, азбен келтір ілің.
Бір сөзбен шеш түмен сөзіңің түйің.
Жүсіп БАЛАСАҒҰН.



МАҒЖАНДЫҚ ХОККЕЙШІЛЕР АҚТЫҚ СЫНҒА ШЫҚТЫ



6-7 ақпан күндері Булаев қаласында орналасқан «JASTAR» жабық хоккей кортында «Солтүстік – 2026» облыстық қысқы спорт мерекесінің аясында шайбалы хоккейден аймақтық жарыс болып өтті. Іріктеу кезеңіне Мағжан Жұмбаев, Тайынша, Ақжар және Шал ақын аудандарының командалары қатысып, ақтық сынға жолдама үшін бақ сынасты.

Екі күнге созылған жарыстың қорытындысы бойынша Мағжан Жұмбаев ауданының құрама командасы қарсыластарын сенімді жеңіп, «Солтүстік – 2026» облыстық қысқы спорт мерекесінің финалына шықты.

Мағжандық хоккейшілер Ақжар ауданының спортшыларын - 7:1, Шал ақын ауданының командасын - 7:3 және Тайынша ауданының құрамасын 8:2 есебімен айқын жеңді.

Керемет ойындар, жоғары қарқын мен нағыз командалық бірлік көрсете білген мағжандық спортшыларды ақтық сынға шығумен құттықтап, Пресновка ауылында 19–22 ақпан аралығында өтетін финалдық ойындарда командамызға тек жеңіс тілейміз!

Қанат МҮСАТАЕВ,
дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.

АКЦИЯ

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік кіріс департаменті 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексінің енгізілуіне байланысты халықтың қаржылық және салықтық сауаттылық деңгейін арттыру, сондай-ақ микро және шағын бизнес субъектілеріне түсіндірме және кеңес беру қолдауын көрсету мақсатында бүкіл ел бойынша «Халық бухгалтері» түсіндірме науқаны өткізіліп жатқанын хабарлайды.

«ХАЛЫҚ БУХГАЛТЕРІ»



«ХАЛЫҚ БУХГАЛТЕРІ» АКЦИЯСЫ

ретінде өткізілуде және келесі мақсаттарға бағытталған:

- салық заңнамасын қолдануды түсіндіру;
- микро және шағын бизнес субъектілеріне кеңес беру;
- салық міндеттемелерін дұрыс орындау бойынша тұрақты дағдыларды дамыту.

Барлық аумақтық мемлекеттік кірістер басқармаларында тиісті аудандық басқармалардың қызметкерлері ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Петропавл қалалық мемлекеттік кірістер басқармасында науқан аясында тегін кеңестерді Кәсіби бухгалтерлер қауымдастығының кәсіби бухгалтерлері де (белгіленген форматта) ұсынады.

Акция 2026 жылдың бірінші жартысында, яғни 2026 жылдың 5 қаңтарынан 2026 жылдың 30 маусымына дейін өтеді. Консультациялар дүйсенбі, сәрсенбі және жұма күндері сағат 10:00-ден 13:00-ге дейін өткізіледі.

Мағжан Жұмбаев атындағы аудан бойынша акцияны өткізу орны: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31, телефон 2-07-71, 2-07-19, 2-07-72.

Мағжан Жұмбаев ауданы бойынша мемлекеттік кіріс басқармасы.

«Халық бухгалтері» науқаны жаңа Салық кодексінің ережелеріне қатысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының бөлігі

МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ ХАБАРЛАЙДЫ

КӘСІПКЕР НАЗАРЫНА!

2026 жылғы 1 қаңтарға дейін арнаулы салық режимдерін қолданған жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар ағымдағы жылдың 28 ақпанына дейінгі мерзімде қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама ұсынуы қажет. Хабарлама ұсынылмаған жағдайда салық салудың жалпыға

бірдей белгіленген режиміне автоматты түрде көшу не жеке кәсіпкер ретінде есептен шығару жүргізіледі.

Барлық қызықтырған сұрақтар бойынша Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31 мекенжайы бойынша немесе 2-07-71 телефоны бойынша хабарласуға болады.

2026 ЖЫЛҒЫ 28 АҚПАН - СОҒҒЫ МЕРЗІМ!

ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕР МЕН ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН!

2026 жылдың 1 қаңтарына дейін арнайы салық режимдерін қолданғандар үшін

ҚАЖЕТ

28 АҚПАНҒА ДЕЙІН

ҚОЛДАНЫЛАТЫН САЛЫҚ САЛУ РЕЖИМІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА ЖІБЕРУ

ХАБАРЛАМА ТАПСЫРМАҒАН ЖАҒДАЙДА, ЖАЛПЫ САЛЫҚ САЛУ РЕЖИМІНЕ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ АУЫСУ НЕМЕСЕ ЖЕКЕ КӘСІПКЕР РЕТІНДЕ ТІРКЕУДЕН ШЫҒАРУ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ.

ХАБАРЛАНДЫРУ ӨДІСТЕРІ



САЛЫҚ ТӨЛЕУШІН КЕҢЕСІ



E-SALYQ БИЗНЕС МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ
• ЕКІНШІ ДЕНГЕЛІ БАҢКЕТЕРЕ ӨТІМДЕР



ҚАҒАЗДА

БУЛАЕВ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Құрметті Булаев қаласы мен аудан тұрғындары!

2026 жылдың 4 наурызында сағат 11.00-де Булаев қаласының егжей-тегжейлі орналасуымен және топографиялық түсірілімімен бас жоспарды түзетуді бекіту бойынша қоғамдық талқылау өтеді.

Сіздерден белсене қатысуларыңызды сұраймыз.

Талқылау өтетін орны: Булаев қаласы әкімінің аппараты, Мағжан Жұмбаев ауданы, Булаев қаласы, Пушкин көшесі, 14 ғимарат.

Директор - бас редактор
Вель ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі:
«Газета «Весты» ЖШС»

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмбаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 ұя.

Тел: 2-17-49.
Басылым индексі 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет антасына
1 рет бейсенбі күні
шығады.

Жазылу индексі - 65360

«Magzhan Zhuldizi» газеті редакцияда терісін беттеледі.
«Северный Казахстан» баспаханасында басылды.
(Петропавл к., Коммунал к-сі, 5 ұя).
Таралымы - 600

Газет аудан өкімінің, аудандық мәслихаттың жанына және аудандық шығарылатын және газеттер арқылы мемлекеттік акпараттық саясатты жүргізудегі рөлін басшылық болып табылады